

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Бағалы қағаздардың биржалық
сауда-саттығы Ережелеріне

R4 қосымшасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау және қадағалау Комитетімен

2011 жылдың 07 шілдесінде

келісілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен
(2011 жылдың 31 мамырындағы
№ 12 отырыс хаттамасы)

бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау және қадағалау Комитеті
Төрағасының м.а.

2011 жылдың 12 қыркүйегінен бастап

қолданысқа енгізілді

К.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

"Орталық бағалы қағаздар
депозитарийі" АҚ-мен

2011 жылдың 15 маусымында

келісілді

Президенті

Б.Х. КАПЫШЕВ

**Толық қамтамасыз етілген T+0 сызбасы
бойынша бағалы қағаздармен жасалған
мәмілелер бойынша есеп айырысулар
жүргізу (гросс-есептесулер)**

РЕГЛАМЕНТІ

Алматы қ.

2011

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 24 сәуірінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 28 наурызындағы № 14 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- қолданысқа 2014 жылдың 06 мамырынан бастап енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2014 жылдың 29 шелдесінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 10 шілдесіндегі № 26 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- қолданысқа 2014 жылдың 06 тамызынан бастап енгізілді.

Осы Регламент, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (Бұдан әрі - Биржа) өткізетін, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулерді жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ жасалған мәмілелерді қамсыздандыруға байланысты сауда-саттық процедураларды өткізу тәртібін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Регламентте қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
 - 1) **"кінәлі сауда-саттыққа қатысушы"** - жасалған мәміле бойынша өз міндеттерін орындамаған, сауда-саттыққа қатысушысы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 1-1) **"жайғасым шектелімі"** – сауда-саттыққа қатысушыға сауда-саттық жүйесіндегі өз шоттарында жайғасымның теріс мәніне ие болуға мүмкіндік бермейтін, шектелім *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;
 - 1-2) **"операциялық күн"** – Биржа сауда-саттықты, клирингті және қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есептесуді ұйымдастыру және әкімшілік ету процедураларын жүзеге асыратын, жұмыс күннің бір бөлігі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;
 - 2) **"жайғасым"** –сауда-саттыққа қатысушының (және/немесе оның клиенттерінің) Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі сауда-саттық шоттарында есепке алынатын, ақша сомасы (ақшалай жайғасымы) немесе бағалы қағаздар саны, бұл ретте *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:

"кіріс жайғасымы" – Орталық депозитарийдегі немесе "Банкаралық есептесулердің қазақстандық орталығы" РМК Мәліметтерді берудің банкаралық жүйесіндегі (бұдан әрі – БЕҚО МББЖ) сауда-саттыққа қатысушының есеп шоттарында орналасқан, және Биржа өткізетін сауда-саттықтарда есептесулерді жүзеге асыруға арналған, ақша (кіріс ақша жайғасымы) немесе бағалы қағаздар санын көрсететін жайғасым;

"ағымдағы жайғасым" – сауда-саттық күнінің ағымдағы сәтіне Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттыққа қатысушы өткізген, мәмілелер мен басқа да операциялар есебімен кіріс жайғасымды көрсететін, жайғасым;

"жоспарлы жайғасым" – сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіне берген белсенді өтінімдер параметрлерінің есебімен сауда-саттыққа қатысушылардың ағымдағы жайғасымына қарай Биржаның сауда-саттық жүйесі есептейтін жайғасым;
 - 3) **"Растау жүйесін пайдаланушысы"** – Растау жүйесін пайдаланушы ретінде Биржа тіркеген және оған қосылған, оның клиенттеріне тиесілі сауда-саттық шоттары арқылы мәмілелер жасасуға құқық беретін, осындай мәмілелер бойынша есептесу жүргізетін, заңды тұлға *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
 - 3-1) **"зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушы"** - жасасқан мәмілесі, кінәлі сауда-саттыққа қатысушысымен осы мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамау себебінен, орындалмаған, сауда-саттыққа қатысушысы *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*;

- 4) **"есептесуді растау"** – сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіне келесі жайлы қосымша растауы:
 - сауда-саттыққа қатысушының бұдан бұрын (T-n күні) өзі жасасқан бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындауға даярлығы; және/немесе
 - Биржа өткізетін арнайы мамандандырылған сауда-саттығы нәтижелері бойынша есептесулерді өткізу күні бағалы қағаздарды орналастыру, сатып алу, кері сатып алу немесе сату бойынша осындай сауда-саттықтар шегінде өз міндеттемелерді орындауға даярлығы
 - *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген);*
 - 5) **"Растау жүйесі"** – Растау жүйесін пайдаланушыларына, осындай пайдаланушылар немесе олардың клиенттері (оларға қатысты осындай пайдаланушылар бағалы қағаздардың атаулы иелері болып табылады) тапсырмаларымен сауда-саттық жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер алуға қол жеткізетін, және осындай мәліметтерді өңдеу нәтижелері бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесіне аталған мәмілелерді растау (мәміле жасасуға берілген тапсырмалардың талаптарына мәмілелердің шарттарының сәйкестігі туралы хабарлау) немесе осы мәмілелерді растаудан бас тартуға мүмкіншілік беретін, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 6) **"репо операциялары бойынша міндеттемелерді орындауға дайындық туралы хабарлама/дайындық туралы хабарлама"** – репо операцияларына қатысушының (репо жабылу мәмілелері бойынша немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару бойынша) репо операциялары бойынша өз міндеттемелерін орындауға даярлығы туралы Биржаның сауда-саттық жүйесіне тиісті растауды беруі;
 - 7) **"сауда-саттыққа қатысушы"** – Биржаның сауда-саттық жүйесі арқылы мәмілелер жасасуға жіберілген және Биржа ұйымдастыратын бағалы қағаздар сауда-саттығына қатысатын, Биржа мүшесі *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 28 наурызындағы шешімімен өзгертілген);*
 - 8) **"Орталық депозитарий"** – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ.
2. Регламентте қолданылатын өзге ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған.

2 бап.

Негізгі қағидалар

1. Биржада қолданылатын, толық қамтамасыз етілген T+0 схемасы – бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулер схемасы сауда-саттық процедуралар мен есептесулерді реттейді, сонымен:
 - 1) Биржада бағалы қағаздармен жасалған барлық мәмілелер бойынша есептесулер, соның ішінде: бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру мәмілелері, репо операциялары бойынша есептесулер және репо операциялары бойынша өтемақы аударымдары, осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген айырықшаларды қоспағанда, осындай мәмілелерді жасау күні жүзеге асырылады;
 - 2) сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіне, есептесуі сол күні жүзеге асырылатын, бағалы қағаздарды сату-

сатып алу мәмілелерін жасау үшін өтінім беруі, және/немесе сауда-саттыққа қатысушының репо операциялары бойынша міндеттемелерін орындау даярлығы туралы хабарламаны беруі тек сауда-саттыққа қатысушының тиісті шотында осындай мәмілелерді орындау немесе осындай репо операциясы бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде ақшасының (бағалы қағаздарының) болуы кезінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*;

- 3) қаржы құралдарын орналастыру, сатып алу, қайта сатып алу немесе сату бойынша Биржаның өткізетін арнайы мамандандырылған сауда-саттығы аясында жасалған, мәмілелер бойынша есептесулер осындай сауда-саттықты өткізудің және олардың қорытындылары бойынша есептесулерді жүзеге асырудың тәртібін анықтайтын, Биржаның ішкі құжатында белгіленген мерзімде, немесе Биржалық кеңестің тиісті шешімімен белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.
2. Бағалы қағаздар бойынша есептесулерді осы Регламенттегі шарттарға және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асырады.
3. Орталық депозитарий мәмілелер бойынша есептесулерді Биржа және Орталық депозитарий арасындағы тиісті келісім-шартпен қарастырылған, тәртіпте Биржадан келіп түсетін, осындай есептесулерді жүзеге асыруға рұқсат беретін бұйрықтың негізінде жүзеге асырады.
4. Бағалы қағаздармен сауда-саттықтар және репо операциялары бойынша есептесулер гросс-есептесулер тәртіптемесінде жүзеге асырылады және сауда-саттыққа қатысушылардың басқа мәмілелері бойынша талаптар мен міндеттемелерді өзара есепке алусыз нақты уақыт тәртіптемесінде осындай әрбір мәміле, соның ішінде репо ашылу және жабылу операциясы бойынша жеке жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3 бап.

Сауда-саттыққа қатысушылардың классификациясы

1. Осы Регламенттің мақсаттары үшін бағалы қағаздар сауда-саттығына қатысушылар мынадай топтарға жіктеледі:
 - 1) бірінші топ – осы Регламентке сәйкес, Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі өз ақша шоттарында кіріс ақша жайғасымын өз еркімен анықтауға рұқсат етілген, сауда-саттыққа қатысушылары ;
 - 2) екінші топ – Орталық депозитарий мәліметтерінің негізінде кіріс ақша жайғасымдарын Биржа анықтайтын, сауда-саттыққа қатысушылары.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

2. Сауда-саттыққа қатысушылардың бірінші тобына "қор нарығы мүшесі" санаты бойынша Биржа мүшелері – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк), Қазақстан Республикасы банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейдегі барлық банктер және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ (бұдан әрі – банк/банктер) жатады.
3. Сауда-саттыққа қатысушылардың екінші тобына банк болып табылмайтын (осы баптың 4 тармағында белгіленген айырықшалықты қоспағанда) "қор нарығы мүшесі" санаты бойынша Биржа мүшелері жатады.
4. Соңғы 30 күнтізбелік күн арасында Биржада сатып алған бағалы қағаздарының құнын төлеу бойынша және/немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару бойынша өз міндеттемелерін БЕҚО МББЖ-

дегі жайғасымында жеткілікті ақшаның болмауы себебінен орындамауының екі жағдайына жол берген, бірінші топтың сауда-саттыққа қатысушысы екінші топқа ауыстырылады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

5. *(Осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған).*

Сауда-саттыққа қатысушысы – банкті екінші топтың сауда-саттыққа қатысушысынан бірінші топтың сауда-саттыққа қатысушысына кері ауыстыру, оны екінші топқа ауыстыру күнінен бастап кемінде 30 күннен кейін ғана автоматты түрде жүзеге асырылады. Бұл ретте осы қағидада көрсетілген мерзім Биржалық кеңестің шешімі негізінде қысқартылуы мүмкін.

Биржа сауда-саттыққа қатысушын бірінші топтан екінші топқа немесе кері ауыстыру туралы осы ауыстырудың алдындағы жұмыс күні аяқталмай жатып, Орталық депозитарийге хабарлауы тиіс.

6. Ұлттық Банкі сауда-саттықтың ерекше қатысушысы мәртебесіне ие және оған осы баптың 4 және 5 тармақтарында қарастырылған, шарттар таралмайды, сондай-ақ оның ақша шоттары бойынша сауда-саттыққа қатысушылары үшін Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы Регламентпен белгіленген жайғасым шектелімдерін орындауы бақыланбайды.

Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі Ұлттық Банктің есеп шоттары бойынша, осы Регламентте сауда-саттыққа қатысушылар үшін қарастырылған, жайғасымдар шектелімінің сақталуын бақылау жүзеге асырылмайды.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

4 бап.

Сауда-саттыққа қатысушыларының есеп-шоттары

1. Бағалы қағаздармен жасалатын сауда-саттықтарға қатысу үшін сауда-саттыққа қатысушының, осы баптың 1-1 тармағымен қарастырылған, ерекшеліктерді ескеретін, Орталық депозитарийде ашылған жеке және қосалқы шоты¹ болуы тиіс:

Ақшалай сесеп айырысуларды жүзеге асыру үшін бірінші топ қатысушысының БЕҚО МББЖ-да жайғасымы², ал екінші топ қатысушысының – Орталық депозитарийде ағымдағы шоттары болуы тиіс.

Бірінші топтағы сауда-саттыққа қатысушы екінші топқа ауыстырылған жағдайда қолданылатын, Орталық депозитарийде ашылған, корреспонденттік (жеке және клиенттің) шоттары болуы тиіс.

¹ Қосалқы шоттарда сауда-саттыққа қатысушысының және/немесе оның клиенттерінің меншікті бағалы қағаздары есепке алынады *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*

² БЕҚО МББЖ-ндағы жайғасым деп, БЕҚО МББЖ жүйесін пайдаланушысының Ұлттық Банкке БЕҚО МББЖ жүесіне аударған, ақшасын есепке ауға арналған жайғасым *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*

Орталық депозитарийдегі Корреспонденттік және ағымдағы шоттары, алдын ала ақша жеткізілетін шоттар (бұдан әрі – алдын ала төлем шоттары)³ болып табылады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

- 1-1. Орталық депозитарийде ашылған әр қосалқы шотқа тиесілі, Биржаны сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық шоты ашылады да, онда сауда-саттыққа қатысушысының және/немесе оның клиенттерінің, бағалы қағаздардың сауда-саттығына қатысуға үшін арналған, бағалы қағаздары мен ақшалары есепке алынады.

Әр сауда-саттық шоты бойынша бағалы қағаздардың жеке атауларын және ақшаларды есепке алу үшін Биржаның сауда-саттық жүйесінде жайғасымдық шоттары ашылады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

Бірінші топтағы сауда-саттыққа қатысушы екінші топтың сауда-саттыққа қатысушысына ауыстырылған жағдайда, Орталық депозитарий осындай сауда-саттыққа қатысушылардың ақшалай есептесулері үшін Орталық депозитарийде ашылған олардың корреспонденттік шоттарын қолданады

3. Сауда-саттыққа қатысушылардың жайғасымдары шектелімінің сақталуын бақылау Биржаның сауда-саттық жүйесінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржалық кеңестің данний пункт изменен решением Биржевого совета от 10 июля 2014 года).*
4. Осы баптың 1 тармағында аталған есеп шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібі Биржаның, Орталық депозитарийдің және БЕҚО МББЖ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2 бап. МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕСУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ

5 бап.

Мәмілелерді қамсыздандыру

1. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған).*
2. Бағалы қағаздар сауда-саттығының жабылуына дейін күн сайын, Биржа және Орталық депозитарий арасындағы келісім-шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімде, келесі ақпаратты Биржа сұратады, ал Орталық депозитарий Биржаның сауда-саттық жүйесіне сауда-саттыққа қатысушылардың қосалқы есеп-шоттарындағы бағалы қағаздарының қалдығы (саны) туралы сауда-саттыққа қатысушылардың Орталық депозитарийдегі есеп-шоттарындағы олардың ақша сомалары туралы ақпаратты жібереді.

Биржаның кіріс жайғасымдарының мәндері Орталық депозитарийдің Биржаның сауда-саттық жүйесіне берген, ақпаратына сәйкес жаңартылып отырады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

³ Алдын ала төлем шоттарында сауда-саттыққа қатысушысының ақшасы немесе оның клиенттерінің ақшалары есепке алынады *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*

3. Биржаның сауда-саттық жүйесі жайғасымдар шектелімдерінің сақталуын, Ұлттық Банкінің ақшалай жайғасымдары бойынша шектелімдерді қоспағанда, сауда-саттыққа қатысушылардың кіріс, ағымдағы және жоспарлы жайғасымдарын бақылау арқылы жүзеге асырады.
4. Бағалы қағаздарды орналастыру, сатып алу, қайта сатып алу және сату бойынша арнайы мамандандырылған сауда-саттықта сауда-саттыққа қатысушылардың берген өтінімдерін осындай сауда-саттықтарды өткізу нәтижелері бойынша есептесулерді жүзеге асыру үшін ақшаның жеткілікті болуына тексеру осындай арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар бойынша есептесулерді жүзеге асыру күні, осындай сауда-саттықтарды өткізу шарттарында белгіленген, уақыт кезеңінде Биржаның сауда-саттық жүйесі жүзеге асырады.

Сауда-саттыққа қатысушылары арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар бойынша есеп айырысулар осындай қатысушылардың шоттарында ақшаның немесе бағалы қағаздардың жетіспеушілігіне жауапты болады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

5. Сауда-саттыққа қатысушы T-н күні жасаған, бағалы қағаздар мәмілелері бойынша гросс-есептесулерді өткізу күні мұндай сауда-саттыққа қатысушылары өз ақшаларының/бағалы қағаздарының жеткіліктілігін растау мақсатында тиісті мәмілелер бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесіне есептесуді растауын жолдауы тиіс.

Сауда-саттыққа қатысушылары жасап үлгерген (T-н күні), бағалы қағаздармен мәмілелердің есептесуді растауын уақытылы ұсынбау немесе ұсынбау жағдайында, осындай расталмаған мәмілелер бойынша есептесулер жүзеге асырылмайды. Бұл ретте тиісті сауда-саттыққа қатысушының есептесуді растаудың ұсынбау немесе уақытылы ұсынбау салдарынан мәмілелер бұзылды деп танылады. Осындай мәмілелерді орындамағы үшін жауапкершілік осы Регламентте және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

6. Бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін жасау үшін сауда-саттыққа қатысушының берген өтінімдері, репо операциялары бойынша міндеттемелерді орындау даярлығы туралы хабарламасы, сондай-ақ есептік растауларын, белгіленген жайғасым шектелімдерінің мәндері асып түскен жағдайда, Биржаның сауда-саттық жүйесі қабылдамайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
7. Сауда-саттыққа қатысушы биржалық сауда-саттықта бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді қамсыздандыру қажеттілігі немесе Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы Регламентке сәйкес өзі жасайтын репо операцияларын қамсыздандыру қажеттілігі туындамаған жағдайда, Орталық депозитарийдегі өзінің бағалы қағаздарын немесе ақшасын толық қамтамасыз етілген T+0 схемасы бойынша Биржада сауда-саттықты және есептесулерді жүзеге асыру үшін емес, басқа мақсаттарда қолдануы мүмкін.

Толық қамтамасыз етілген T+0 схемасы бойынша Биржада сауда-саттықты және есептесулерді жүзеге асыруға арналған, бағалы қағаздарды немесе ақшаны басқа мақсаттарда қолдану қажеттілігі туындағанда, осы сауда-саттыққа қатысушы Орталық депозитарийге тиісті бұйрықты жолдайды, бұл бұйрық осы сауда-саттыққа қатысушының шектелімді жайғасымдарды сақтауы Биржаның сауда-саттық жүйесі тарапынан арнайы тексерілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін,

және Биржа сауда-саттық жүйесінің осындай тексерісі нәтижесінің оң немесе теріс болуына қарай, Орталық депозитарий осы бұйрықты орындайды немесе аталған бұйрықты орындаудан бас тартады.

Сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін Биржаның сауда-саттық жүйесі Орталық депозитарийге:

- 1) сауда-саттыққа қатысушының алдын ала төлеу есеп-шоттарындағы азаймайтын ақша қалдықтары туралы;
- 2) сауда-саттыққа қатысушының қосалқы есеп-шоттарындағы азаймайтын ақша қалдықтары туралы ақпаратты ұсынады.

Бұл ақпарат сауда-саттыққа қатысушылардың мәмілелерінің және/немесе ашық жайғасымдарының қамтамасыз етілуі болып табылады және олар бұл ақпаратты Орталық депозитарий Биржадан осындай қамтамасыз етуді қолдану үшін рұқсатты алмайынша, қолдана алмайды.

8. Бірінші топтың сауда-саттыққа қатысушыларына Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі өздерінің ақша шоттарындағы кіріс ақша жайғасымдарының мәнін өз еркімен анықтау құқығы беріледі.

Бірінші топтағы сауда-саттыққа қатысушының БЕҚО МББЖ-дағы жайғасымдарында ақшасы болмаған жағдайда ақшалай есептесулерді жүзеге асыру барысында осындай сауда-саттыққа қатысушылары осы Регламентте және репо операцияларын жүзеге асыру ережелерінде белгіленген, шарттарға сәйкес осы есептесулерді орындамағаны үшін жауап береді.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

6 бап.

Сауда-саттық барысында жайғасымдардың өзгеруі

1. Сауда-саттық барысында сауда-саттыққа қатысушылардың Орталық депозитарийдегі өзінің қосалқы есеп шоттарындағы бағалы қағаздар санын Орталық депозитарийдегі алдын ала төлеу есеп шоттарында ақша сомасын ұлғайтуға немесе азайтуға мүмкіндігі бар.

Сауда-саттыққа қатысушылардың қосалқы есеп шоттарындағы бағалы қағаздар санының немесе алдын ала төлеу есеп шоттарындағы ақшаның ұлғаюы туралы ақпаратты Орталық депозитарий осы ұлғайту орын алғаннан кейін дереу Биржаның сауда-саттық жүйесіне жібереді.

Сауда-саттыққа қатысушының қосалқы есеп шоттарындағы бағалы қағаздар санының немесе алдын ала төлеу есеп шоттарындағы ақшаның Орталық депозитарийде азаюы осы Регламенттің 5 бабы 7 тармағында белгіленген, шарттарға сәйкес оның жайғасымдарының шектелімдерін тексергеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

2. Орталық Депозитарийдің қандай да бір депонентінің қаржы құралдарын немесе ақшасын жұмсауда өкілетті мемлекеттік органдары тарапынан салынатын, шектелімдер туындаған немесе болған жағдайда, Орталық Депозитарий осы депоненттің есеп шоттарындағы есептесулерді жүзеге асыру үшін бағалы қағаздар санының және/немесе ақшаларының жеткіліксіз екені туралы ескертпе хабарламаны жолдайды.

Биржа Орталық депозитарийден алдыңғы абзацта көрсетілген ескертпе хабарламаны алғаннан кейін, Биржаның сауда-саттық жүйесі сауда-саттыққа қатысушылары жайғасымдарының тиісті өзгерістерін сауда-саттық жүйесінде жүзеге асырады және шектелімдердің сақталуын бақылау мақсатында сауда-саттыққа қатысушылардың жайғасымдарының

шектелімі кіріс жайғасымдарының өзгерісі нәтижесінде бұзылса, олардың белсенді өтінімдерін жояды. Бұл ретте сауда-саттық қатысушыларының жоспарлы және ағымдағы жайғасымдары Биржаның сауда-саттық жүйесінде тиісті түрде өзгереді.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген, жағдайлар бойынша жайғасымдардың өзгеруі нәтижесінде сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша есептесулер жүзеге асырылмаған жағдайда, есептесулерді жүзеге асырмағаны үшін жауапкершілік осы Регламенттің 10 бабында белгіленген шарттарға сәйкес, есеп шоттарына осы шектеулер жүктелген, мәміле тарапына жүктеледі.

3. Орталық депозитарийден сауда-саттыққа қатысушылардың Орталық депозитарийдегі есеп-шоттарындағы бағалы қағаздар санының және ақшасының ұлғаюы/азаюы туралы ақпарат түскеннен кейін, Биржаның сауда-саттық жүйесі, осы Регламентте белгіленген шарттарға сәйкес, осы сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық және ақша есеп-шоттарындағы тиісті кіріс жайғасымдарының ұлғаюын/азаюын жүзеге асырады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

4. Бірінші топтағы сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық барысында осы Регламентте белгіленген, шарттарды сақтай отырып, өздерінің кіріс ақша жайғасымдарын өз еркімен өзгерту құқығына ие.

Сауда-саттық жүйесі бірінші топтағы сауда-саттыққа қатысушыға сауда-саттық барысында ақша бойынша кіріс жайғасымын өзгертуге, егер мұндай өзгеріс жайғасым шектелімінің сақталмауына әкеліп соқтырса, келісімін бермеуі мүмкін.

5. Сауда-саттық жүйесі сауда-саттыққа қатысушысынан өтінімдерді, репо операциялары бойынша міндеттемелерді орындау даярлығы туралы хабарламаларды, есептесуді растауларын тек осындай өтінімдерді, дайындық туралы хабарламаларды және есептесуді растауды қабылдау нәтижесінде олардың жайғасым шектелімдері сақталған жағдайда ғана қабылдайды.

Өтінімдер, дайындық туралы хабарламалар және есептік растаулар қабылданған жағдайда, Биржаның сауда-саттық жүйесі осындай өтінімдер, дайындық туралы хабарламалар және есептік растаулардың қабылдайтын, сауда-саттық және ақша есеп-шоттары бойынша жоспарлы жайғасымдар мәндерін тиісті түрде өзгертеді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

7 бап.

Гросс-есептесулерді өткізу

1. Биржаның сауда-саттық жүйесінде бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін, соның ішінде бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру мәмілелерін қосқанда, және/немесе арнайым мамандандырылған сауда-саттықтар әдісімен жасалған мәмілелер және/немесе репо ашылу мәмілелері және/немесе репо операцияларының екі тарапынан репоның жабылу мәмілелері бойынша міндеттемелерді орындау даярлығы туралы хабарлама және/немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару бойынша міндеттемелерді орындау даярлығы туралы хабарлама тіркелгенде Биржаның сауда-саттық жүйесі аталған мәмілелер және репо операциялары бойынша өтемақы бойынша ақпаратты есептесулерді өткізу бұйрығы ретінде Орталық депозитарийге жібереді

Бұл ретте Орталық депозитарийден белгілі бір мәміле бойынша немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару бойынша есептесулерді

өткізу туралы ақпаратты алғанға дейін сауда-саттыққа қатысушылардың ағымдағы жайғасымдары өзгермейді⁴.

Орталық депозитарийге есептесулерді өткізу туралы бұйрықтарды жіберуді Биржаның сауда-саттық жүйесі әрбір мәміле бойынша жеке-жеке және/немесе репо операциялары бойынша өтемақы аударымы бойынша олардың Биржаның сауда-саттық жүйесінде тіркелу кезектілігіне қарай жүзеге асырады.

(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

2. Есептесулерді өткізгеннен кейін, Биржаның сауда-саттық жүйесінен алынған есептесулерді өткізу бұйрықтары бойынша Орталық депозитарий әрбір бұйрық бойынша осындай есептесулерді өткізгені туралы ақпаратты Биржаның сауда-саттық жүйесіне жолдайды.

Орталық депозитарийден мәміле бойынша және/немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару бойынша есептесулерді өткізу туралы ақпаратты алғаннан кейін Биржаның сауда-саттық жүйесі тиісті түрде сауда-саттыққа қатысушылардың жайғасымдарын өзгертеді. Биржаның сауда-саттық жүйесінде сауда-саттыққа қатысушылардың кіріс және ағымдағы жайғасымдарындағы бағалы қағаздар саны және ақшасы Орталық депозитарий хабарламасына сәйкес белгіленеді.

7-1 бап. Мәмілелер бойынша қайталама есептесулер

1. Қандай да бір мәміле тараптарының бірі осы мәміле бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда, мәміленің контрагенті Биржаның сауда-саттық жүйесі арқылы басқа тараптың міндеттемелерді орындамағаны туралы хабарлама алып, өз қарауы бойынша осы мәмілені сауда-саттық күні аяқталғанға дейін кез келген сәтте бұзуға немесе мәміле бойынша қайталап есеп айырысуға келісуге құқығы бар.
2. Орындалмаған мәміле бойынша қайталама есеп айырысулар осындай мәміленің тараптарының келісімімен, оны өткізуге даярлығы туралы Биржаның сауда-саттық жүйесі осы мәміленің әр тарапынан хабарламалар алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

3 тарау. РАСТАУ ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8 бап. Растау жүйесін пайдаланушылардың мәмілелерін растау тәртібі

1. Растау жүйесін пайдаланушылары бақылайтын, есеп-шоттар бойынша сауда-саттық жүйесінде жүзеге асырылатын, бағалы қағаздарды барлық сатып алу-сату мәмілелері, репо ашылу және жабылу мәмілелері, арнайы мамандандырылған сауда-саттыққа берілген өтінімдер, репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламалар туралы ақпарат осы Растау жүйесін пайдаланушылары қолданатын, Биржаның сауда-саттық жүйесі терминалында аталған ақпаратты көрсету арқылы Растау жүйесін пайдаланушыларына жеткізіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*

⁴ Орталық депозитарийден мәмілелер бойынша немесе репо операциялары бойынша өтемақы аударымы бойынша есептесулерді өткізу туралы ақпаратты алғанға дейін сауда-саттыққа қатысушылардың жоспарлы жайғасымдары сауда-саттықтың бірдей белсенді қатысушыларымен басқа мәмілелердің жасалуын болдырмау мақсатында аталған мәміле параметрлерін ескере отырып есептеледі.

Аталған ақпаратты Орталық депозитарийден алғаннан кейін Биржаның сауда-саттық жүйесі сауда-саттыққа қатысушылардың ағымдағы және жоспарлы жайғасымдарын тиісті түрде өзгертеді.

2. Растау жүйесін пайдаланушылары бақылайтын, есеп-шоттар бойынша сауда-саттық жүйесінде тиісінше жүзеге асырылған және сауда-саттық жүйесіне берілген, бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері, репо ашылу және жабылу мәмілелері, репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаларды, егер осы мәмілелер мен дайындық туралы хабарламалар бойынша аталған Растау жүйесі тұтынушылары тарапынан растау алынған жағдайда ғана, егер Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығы ережелеріне және Репо операцияларын жүзеге асыру ережелеріне сәйкес олардан мұндай растаулар талап етілген жағдайда, Биржаның сауда-саттық жүйесі Орталық депозитарийге есептеу жүргізу үшін жібереді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
3. Растау жүйесін пайдаланушы Сауда-саттық регламенті және Растау жүйесінің жұмысымен⁵ белгіленген, Растау жүйесі жұмысының аяқталу уақытынан кешіктірмей бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін, репо ашылу және жабылу мәмілелерін, арнайы мамандандырылған сауда-саттыққа берілген өтінімдерді, репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаларды растауын немесе оларды растаудан бас тартуын Биржаның сауда-саттық жүйесіне жіберуі тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

9 бап.

Растау жүйесін пайдаланушыларының мәмілелерді растамауы

1. Растау жүйесін пайдаланушысы бағалы қағазды сатып алу-сату мәмілелерін растаудан бас тартқан жағдайда, бұл мәміле бұзылды деп саналады.
2. Сауда-саттық регламенті және Растау жүйесінің жұмысымен белгіленген уақыт аяқталғанға дейін Растау жүйесін пайдаланушысынан мәмілелер бойынша растау немесе растаудан бас тарту алынбаса, Биржа мұны осы пайдаланушының осы мәмілелерді растаудан бас тартуын алу дерегі ретінде қарастырады.
3. Растау жүйесін пайдаланушысының растаудан бас тартуы себебінен мәміленің бұзылуына жауапкершілік, Растау жүйесінің осы пайдаланушысына тиесілі сауда-саттық шоты бойынша осындай мәмілені жасасқан, сауда-саттыққа қатысушысына жүктеледі
4. Міндетіне репо операциясы бойынша өтемақылық төлем жасау кіретін, сауда-саттыққа қатысушысы Репо операцияларын жүзеге асыру ережелеріне сәйкес жауапты болады. Бұл ретте, репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді аудару мына жағдайларда жүзеге асырылмайды:
 - 1) Растау жүйесінің пайдаланушысынан репо операциясы бойынша өтемақылық төлемдерді аударуға даярлығы туралы хабарламаны растаудан бас тартуы алынды;
 - 2) осы Регламенттің 8 бабы 3 тармағында белгіленген мерзімде осындай өтемақыны аудару даярлығы туралы растауын немесе растаудан бас тартуын ұсыну мерзімі бұзылды.
5. Сауда-саттық регламенті және Растау жүйесінің жұмысында белгіленген уақытқа дейін, бағалы қағаздарды сатып алу-сату барлық мәмілелерді, репо ашылу және жабылу мәмілелерді, репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаларды растаудан бас тартқан немесе мәмілені немесе дайындық туралы хабарламаны

⁵ Биржа Басқармасының шешімімен (2012 жылыдың 27 қаңтарындағы № 17 отырыс хаттамасы) бекітілген *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

растамаған Растау жүйесін пайдаланушы келесі жұмыс күннің барысында растаудан бас тарту немесе растамауының себептерін түсіндіретін хатты Биржаға ұсынуы тиіс.

6. Растау жүйесін пайдаланушы бақылайтын, есеп шоттар бойынша сауда-саттық жүйесінде жүзеге асырылатын, бағалы қағаздарды сатып алу-сату барлық мәмілелерді, репо ашылу және жабылу мәмілелерді, репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаларды растау немесе растаудан бас тарту бойынша Растау жүйесін пайдаланушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, осы Растау жүйесін пайдаланушы бес жұмыс күннің арасында Ұлттық Банкідегі Биржаның корреспонденттік шотына тұрақсыздық төлемін (айыппұл) аудару арқылы Биржа пайдасына 50 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) төлейді.
7. Растау жүйесін пайдаланушысы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін, репо ашылу репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаны растаудан, осы сауда-саттыққа қатысушының ақшасы немесе бағалы қағаздары болмауына байланысты, бас тарта алмайды, себебі сауда-саттыққа қатысушыдан осындай мәмілелерді жасауға өтінімдерді қабылдау немесе репоның жабылу мәмілелерін орындау немесе репо операциялары бойынша өтемақыны аудару даярлығы туралы хабарламаларды қабылдау кезінде, Биржаның сауда-саттық жүйесі осы сауда-саттыққа қатысушының жайғасым шектелімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 ылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

4 тарау. САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МӘМІЛЕЛЕР БОЙЫНША ӨЗ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАМАҒЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

10 бап. Мәмілелерді орындамау үшін жауапкершілік

1. Сауда-саттыққа қатысушысына Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасаған, соның ішінде өз клиенттерінің есебінен және олардың мүдделері қарастырылған, мәмілелер бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін толық жауапкершілік жүктеледі.
2. Сауда-саттыққа қатысушысы Биржаның операциялық күні аяқталғанға дейін, соның ішінде қайталама есептесулер жүргізу кезінде, өз міндеттемелерін орындамаған мәміле, бұзылады.
3. Осы Регламенттің 6 бабының 2 тармағына сәйкес Орталық депозитарийдің ескертпесін алған кезде және соның нәтижесінде Биржа мүшесінің жасасқан мәмілесі бойынша есеп айырысу мүмкін болмаса, осындай мәміле бұзылды деп саналады.
4. Кінәлі сауда-саттыққа қатысушысына міндеттемелер орындалмаған күннен кейінгі бес жұмыс күннің арасында мәміле бойынша зардап шеккен сауда-саттық қатысушысына (осы баптың 5 және 6 тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа) бұзылған соманың 5,0 % көлемінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеуге міндетті.
5. Егер сауда саттықтың зардап шеккен қатысушысы мәміле бойынша қайталама есеп айырысу жасаудан бас тартса, кінәлі сауда-саттыққа қатысушысы зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушысының тұрақсыздық төлемін өндіріп алу талабы болған жағдайда, орындалмаған мәміленің сомасынан 0,5 % көлемінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеуге міндетті.

6. Репо операциясын ашу және жабу мәмілелерін жүзеге асыру ерекшеліктері, сондай-ақ олар бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың өз міндеттемелерін тиісті орындамағаны үшін жауапкершілігі Репо операцияларын жүзеге асыру ережелерімен анықталады.
7. Орындалмаған мәміле бойынша қайталама есеп айырысу жүзеге асырылған жағдайда, осы қайталама есептесу жасауға кінәлі болған сауда-саттыққа қатысушысы Биржаның пайдасына 50 АЕК көлемінде тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеуге міндетті.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).

11 бап. Тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу тәртібі

1. Мәміле бұзылған жағдайда кінәлі сауда-саттыққа қатысушысы Биржаға орындалмаған мәміле бойынша, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шарттар бойынша осы мәміленің екі тарапына есептелген, комиссиялық алымдарды толық, Биржаның комиссиялық алымдарын төлеу бойынша ұсынылатын қандай да бір жеңілдіктерсіз, төлеуі тиіс.
2. Зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушысы, бағалы қағаздармен сатып алу-сату мәмілесі жасалған күннен бастап бес жұмыс күн аралығында өзінің кінәлі сауда-саттыққа қатысушысына осы мәміленің орындалмауы үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу бойынша қоятын талаптарының бар-жоғы туралы Биржаға жазбаша ескертпе жолдауға құқылы. Бұл ретте:
 - 1) белгіленген мерзімде Биржа осындай ескертпе алмаса, зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушысының кінәлі сауда-саттыққа қатысушысына талаптардың жоқтығын дәлелдейтін дерек деп түсінеді;
 - 2) аталмыш мерзімде Биржа осындай ескертпе алса, ескертпе алған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, кінәлі сауда-саттыққа қатысушысын тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу қажеттілігі туралы ескертіп, төлеу шотын ұсынады.
3. Кінәлі сауда-саттыққа қатысушысы осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасында қарастырылған ескертпені алғаннан кейінгі келесі жұмыс күннен бастап бес жұмыс күн аралығында Ұлттық Банкідегі Биржаның корреспонденттік есеп шотына тұрақсыздық төлемін (айыппұл) аударады.
4. Биржа, осы баптың 3 тармағына сәйкес, оның корреспонденттік шотына тұрақсыздық төлемі (айыппұл) түскеннен кейін, екі жұмыс күн аралығында, тұрақсыздық төлемі туралы талаптарда көрсетілген деректемелерге бойынша, осы соманы зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушысының шотына аударады.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

12 бап. Тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу бойынша дау-дамайларды реттеу

1. Орындалмаған мәміленің тараптарында тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу мәселесі бойынша келіспеушілік орын алған жағдайда, осындай мәміле жасалған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында тараптардың әрқайсысы осындай келіспеушіліктерді екіжақты шешу және Биржаға бұзылған мәміленің қара-қарсы тарабы туралы ақпаратты ашуы туралы жазбаша өтініш жолдауға құқылы.
2. Осы баптың 1 тармағында қарастырылған өтінішті алғаннан кейін, Биржа:
 - 1) мәміленің қарама-қарсы тарапынан өзі туралы ақпаратты ашуға келісімін алуға сауал жолдайды;

- 2) келісім алынғаннан кейін, екінші тарапқа келіспеушілікті екі жақты шешу үшін мәміле бойынша контрагенттің атауы туралы ақпараттандырады.
3. Тұрақсыздық төлемін төлеуге қатысты келіспеушілікті екі жақты шешуге екі жақ келісімін берген жағдайда, екі жақ аталған мәміле бойынша өзара мүлтік талаптарының жоқ екені туралы жазбаша өтінішті және алдында міндеттемелер орындалмаған тараптың оған тиесілі тұрақсыздық төлемінің (айыппұлды) төленуінен бас тартуы туралы өтінішті Биржаға жолдаулары тиіс.
4. Тараптардың бірі келіспеушіліктерді екіжақты шешуге келіспеген жағдайда осы тарап:
 - 1) тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу мәселесі бойынша келіспеушілікті екі жақты шешуден бас тарту туралы жазбаша өтінішті Биржаға жолдайды;
 - 2) тұрақсыздық төлемін (айыппұл) төлеу мәселесі бойынша келіспеушілікті шешу туралы өтінішімен Дау-дамай және келіспеушілікті шешу комиссиясына жүгінуге құқылы.
5. Егер өзгесі Дау-дамай және келіспеушілікті шешу комиссиясына комиссияның шешімімен немесе екі жақ келісімімен белгіленбесе, кінәлі сауда-саттыққа қатысушысына тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) Дау-дамай және келіспеушілікті шешу комиссиясының шешім қабылдаған күнінен кейінгі бес жұмыс күн аралығында төлеу бойынша міндеттемесі жүктеледі.

Қаржы құралдарымен мәміле жасау барысында туындайтын дау-дамай және келіспеушілікті Дау-дамай және келіспеушілікті шешу комиссиясымен қарау тәртібі Биржаның жеке ішкі құжаттарында⁶ анықталған.

(Осы бап Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).

Президент

Қ.Қ. Дамитов

⁶ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы) бекітілген, Қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үдерісінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді шеші тәртібі *(осы сілтеме Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген).*